



Автор: Тулкибаева Гульбарам Хабибуллаевна

Пән: Музыка

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Адами құндылықтар

Тақырып: Үлкенге құрмет

Оқу мақсаты	4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; 4.1.2.2 – түрлі сипаттағы әндерді айтуда жеңіл, созып орындау дағдыларын көрсету; 4.1.3.3 – ауызша және жазбаша жұмыстарда негізгі музыкалық ұғымдарды қолдану;
-------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Өткен сабақтағы басты құндылық не болды?Отан , әрбір адам үшін Отаны қымбат. Осындай адамға ғана тән махаббат, сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдер құндылық деп аталады. Құндылық – бұл ұғым, яғни қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, қымбаттығы. Басты құндылықтар: Отан, отбасы, ана тілі, рәміздер». Топқа бөлу I топ «Үлкенге құрмет», II топ «кішіге ізет» 1-тапсырма. Ойтолғау. Талдау. (М, Ұ) Оқушылар «Ата-әже» әніне (өлеңін жазған: И. Иса, әнін жазған: А. Бексұлтан) түсірілген бейнебаянды әңгімелей отырып, талдау жүргізеді. Берілген бейнебаяндағы ата-әже мен немере арасындағы қарым- қатынас негізінде үлкен кісілерге деген құрмет тақырыбы қозғалады. Оқулықтағы сұрақтар да осы мәселенің аясында қозғалған. 1. «Ата-әже» әніне түсірілген бейнебаянның мазмұнытуралы пікірлеріңді ортаға сал. 2. Бейнебаянда қандай құндылықтар көрсетілген? 3. Ата-әжеңе, жақын таныстарыңа ғана құрмет көрсету керек пе? Өз ойыңды білдір. 4. Қалай ойлайсың, бейнебаянның негізгі мәні неде? «Отбасы бәйтерегі» макетінен жапырақтарға жасырылған туыстық атауларға байланысты жұмбақтар шешеді	Оқулық, нота хрестоматиясы, фонохрестоматия